



«Тілге бойлау» жобасы



Мақсаты

қазақ тілінде білім алушылардың өз ойларын еркін, ауызша және жазбаша жеткізе алуын қамтамасыз ететін орта құру арқылы қазақ тілін меңгеру деңгейін жоғарылату және тілдік қабілеттерін дамыту

Міндеттері

- сөз, сөйлем, сөйлеу туралы қарапайым түсінікті қалыптастыру
- сөйлеу әрекетінің түрлерін (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) дамыту
- білім алушылардың сөздік қорын байыту
- сөздің грамматикалық құрылысын меңгерте отырып, тілін дамыту және жетілдіру
- тілдің қоғамдық мәнін түсінуге, қарым-қатынас жасау салалары мен түрлі жағдаяттарда өз ойларын сауатты және мәдениетті түрде жеткізе білуге дағдыландыру
- құндылықтарды түрлі іс-әрекеттер негізінде білім алушылардың бойына сіңіру
- білім алушылардың ана тіліне, Отанына, туған еліне, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне деген сүйіспеншілігін арттыру арқылы рухани адамгершілік қасиеттерін дамыту
- жеке тұлғалық әлеуеті мен қасиетін ашу
- қарым-қатынас жасаудың түрлерін мақсатты түрде қолдануға, ойын жинақтауға, ауызша немесе жазбаша мәтіндерге сүйене отырып, өзіндік пайымдау жасауға үйрету

Күтілетін нәтиже

- * Сөз мағынасының түрлері туралы алғашқы ұғымды (терминсіз) меңгереді
- * сөйлеуде сөз мағынасының түрлерін (мәндес, қарама-қарсы) мағыналы сөздерді қолдана алады
- * Сөйлеу әрекетінің түрлерін (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) жетік меңгереді
- * Сөз мағынасының түрлерін (атау мағынасындағы, сын-сипат мағынасындағы, сан мөлшер мағынасындағы, қимыл-әрекет мағынасындағы) сұрақ қою арқылы ажырата алады, қарым-қатынаста қолдана алады
- * Сөздің грамматикалық құрылысын меңгереді
- * Өз ойларын сауатты және мәдениетті түрде жеткізе біледі
- * Білім алушылардың бойында құндылықтар мен рухани адамгершілік қасиеттері қалыптасады
- * Тіл үйренуге деген ынталары артады
- * Мұғалімнің көмегімен сөздіктерді қолдана алады
- * Сөз әдебін, тілдік және этикалық нормаларды біледі, қолданады
- * Түрлі жағдаяттағы қатысымдық әрекеттерде өз көзқарасын білдіре алады, пікірталасқа түсе алады
- * Тіл және сөйлеудің айырмашылығын түсінеді
- * ойды жеткізудің ауызша және жазбаша түрлері болатынын біледі жетелеуші сұрақтар арқылы монолог, сұхбаттар құра алады

Қазақ тіліне бойлата оқыту процесін жүргізетін педагогтің кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптар



Тілдік ортаға енгізу сыныбы педагогі

- жоғары педагогикалық білімді бастауыш сынып мұғалімі
- қазақ тіліне бойлата оқыту бағдарламасы бойынша білімін жетілдірген
- қазақ тілін жақсы білуі (немесе қазақ тілі оның ана тілі болуы)
- позитивті, эмоциялық тұрғыдан салмақты
- оқушыларды жақсы көруі, мейірімді
- әртістік қабілетті (ым-ишара, пантомима қабілеті)
- белсенді, креативті, мәнерлеп сөйлеу, дикциясының болуы
- бастауыш білім берудің әдістемесін және оқушыларының тұлғалық және жас ерекшеліктерін білуі
- адами құндылықтарға ие болуы
- тіл жанашыры
- ойын, танымдық, шығармашылық іс-әрекеттерді ұйымдастырудың жаңа технологияларын меңгеруі
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жоғары деңгейде меңгеруі керек

Педагог жұмысының қағидалары

- оқушылармен шығармашылық тұрғыда жұмыс істеу;
- оқушылармен тәжірибе және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;
- оқушылардың сезімдік-эмоциялық қасиеттерін дамыту;
- оқушыларды әлеуметтік ортаға бейімдеу.

Тілдік ортаға енгізу сыныбы педагогінің көмекшісі

- қазақ тілін қолдана отырып, өз бетінше сөйлеу белсенділігін қалыптастыруға жәрдемдесу
- балаларды негізгі педагог берген тапсырмалар мен ойынның түрлі мақсаттарымен таныстыру
- балаларды өз беттерінше ойын мақсаттарын анықтауға, ойын барысында жетекшілік рөл атқаруға бағыттау
- білім алушының өз бетінше белсенді, сан түрлі, шығармашылық ойындарын ойнауға және қазақ тілінде өз қатарларымен араласуға жағдайлар жасау
- қарым-қатынас, ынтымақтастық барысында, күнделікті өмірде алған білім мен дағдыларды қолдана білуге үйрету

1. Тілді оқушылардың күнделікті тіршілігіне сай үйрету – мектепке келгеннен бастап, үйлеріне кеткенге дейінгі аралықта қазақ тілді орта (қоңырау кезінде де, Топта да қазақ тілінде қозғалмалы ойындар, шаралар ұйымдастыру) құру керек. Оқушымен мектеп ұжымы мүшелері тек қазақ тілінде қарым-қатынас жасайды (дәрігер, асханашы, кітапханашы т.б.).

2. Кіріктірілген білім беру – Топта пәндердің ортақ тақырыптары негізінде белгіленген лексиканы меңгертеді.

3. Бір педагог – бір тіл, яғни қазақ тіліне бойлата оқыту сыныбында жұмыс істейтін педагог, орыс тілін білсе де, балалармен тек қазақ тілінде сөйлесуі керек. Мұғалім қазақ тілін жетік меңгеруі, орыс тілін жақсы түсінуі тиіс. Бұл тіл тұлға мен жағдайдың арасында байланыс туындауы үшін қажет. Білім алушы педагогтің сөйлеу тіліне еліктеп, сөйлесу дағдысы қалыптаса бастайды. Педагог білім алушыларға оқу материалдарын өзге тілге аудармайды. Шетелдік тәжірибе бойынша орфографиялық жаттығуларда ғана аударма жасауға болады.

4. Қарапайымнан күрделіге, барлығын бірге қайталау. Сөздерді, сөйлемдерді қайталату әдісі білім алушыларды қазақ тілді ортаға енгізіп, олардың есту, дыбыстау және сөзді дұрыс айту қабілеттерін дамытады.

5. Балалардың сөйлеу тілінде кеткен қателіктерді «қате» деп айтпау. Педагог сөйлемді басқаша айтып, дұрыс сөздің үлгісін көрсетуі керек. Түзетулер көп жасалса, баланың тіл үйренуге деген ықыласы бәсеңдеуі мүмкін. Бастысы білім алушы жалпы не туралы айтылғанын түсінсе болды, мұғалім біртіндеп оның дұрыс сөйлеуін ұйымдастырады.

6. Сөйлеу формасы мен мазмұнының маңызы. Педагог балалармен сөйлесу барысында қол қимылын, ым-ишараны, көрнекі құралдарды көп қолдануы керек. Бейімделген тілін (анық, ақырын және грамматикалық тұрғыдан жеңіл) қолданады.

7. Тілді үйренуге балаларды мәжбүрлемей, ынталандыру керек. Топта білім алушыларды өз этнопедагогика принциптеріне негізделген тәсілдер арқылы тіл үйренуге ынталандыру, нейропедагогика әдістері арқылы қазақ тілін тез және жеңіл үйренуге жағдай жасау, зерттеу-жобалау дағдыларын қалыптастыру, қойылымдар, ұлттық аспаптар оркесторы, ұлттық ойындар жарысын ұйымдастырып, білім алушыларды толық қамту, қолдау, мадақтау.



«Тілге бойлау» жобасын жүзеге асыруды ұйымдастыру жұмыстары бойынша нұсқаулықтар

I. Оқу атмосферасы

II. Жоспарлау:

1. Білім министрлігі немесе жергілікті басқару органдары белгілеген күтілетін нәтижелермен/мақсаттармен танысу.
2. Жоспарлауды оқу жылы басталғанға дейін аяқтау орынды.
3. Жылдық, содан кейін айлық, одан кейін апта және күн бойынша жоспар құрудың қажеттілігі
4. Мерекелік уақытты, қайталауды және бекітуді, жеке жұмысты және күтпеген жағдайларды жоспарлау.
5. Пән аралық байланыстарды пайдаланудың мүмкіндіктері.
6. Оқушыларды және олардың ата-аналарын өз жоспарларыңызбен және күтілетін нәтижелермен таныстыру.
7. Балалардың сабақта назар аудару қабілетін ескеру.
8. Оқушылардың күшті жақтарын пайдалану және әлсіз тұстарын дамыту
9. Жоспарларды орындауда икемді болудың қажеттілігі
10. Өз жоспарларыңызға жиі сілтеме жасау қажеттілігі
11. Жоспарларды, тақырыптық блоктарды және оқуды қолдайтын материалдарды сақтау және ұйымдастыру жүйесін әзірлеу қажеттілігі

Ресурстар және материалдар

1. Жоспарларды және материалдарды әріптестер арасында бөлісу желісін құру.
2. Мұғалімге көмектесуге шақырылған адамдармен кеңесу мүмкіндігі. Мектептің кітапханашысы және оқу бағдарламасының жетекшісі, жергілікті басқару органдары мен басқа да мекемелер тағайындаған кеңесшілер қосымша материалдар туралы ақпарат бере алады және туындаған мәселелерді шешеді.
3. Интернет арқылы іздеу.
4. Иллюстрацияларды жинау папкасын жасау.
5. Балалар үйден әкелген материалдарды жинау.
6. Оқушылар мен мұғалімдер жасаған қолжазба кітаптарын, сондай-ақ жазбаша және көрнекі оқу материалдарын пайдалану.
7. Материалдарды сатып алу үшін компаниялар мен дүкендерді қарастыру.

Сыныптағы микроклимат

1. Сыныпта оң және тыныш микроклимат жасау маңызды.
2. Батылдарды марапаттауды білу.
3. Нақты тәртіпті анықтау және сақтау қажет.
4. Жаңа және белгісізді қызықты әрі тартымды ету керек.
5. Балалардың жұмыс қарқынын анықтау маңызды.
6. Әрбір балаға сынып ұжымындағы маңыздылығын көрсету.
7. Оқушыларға бір-бірінің күшті жақтарын көруге, оларды қабылдауға және қажет болған жағдайда кеңес беруге үйрету.
8. Балалардың маңызды күндерін және олардың жетістіктерін атап өту қажет.
9. Сыныпта оқушылардың жұмыстарын көрмеге қойып, оларды үнемі өзгертіп отыру қажет.

«Тілге бойлау» жобасын жүзеге асыру бойынша 1 - сыныпқа арналған әдістемелік ұсынымдар

- Бастауыш сынып оқушылары мектепте күні бойы болатындықтан, **күн тәртібі толық қазақ тілінде ұйымдастырылады.**
- Қазақ тіліне бойлата оқыту әдістемесімен оқыту үшін республика бойынша таңдалып алынған қазақ тілінде білім беретін мектептердің 1-сынып оқушылары мен педагогтері, **ата-аналары қатысады.**
- Қазақ тілінде оқитын сыныптар түске дейінгі уақытта жалпы бағдарлама бойынша білім алады. Түстен кейінгі уақытта ұзартылған күн тобы ретінде үй тапсырмаларын орындап, ойын арқылы және педагогтер ұйымдастырған әлеуметтік жағдаяттарға байланысты тілді арнайы ортада меңгереді.
- Сыныпта педагог оқушыларға қолайлы орта жасайды, білім алушылар өздерін еркін сезінеді.
- Тілдік ортада визуалды және аудио құралдарды қолдану ақпаратты жылдам қабылдауына көмектеседі.
- Басқа пәндерден сабақ беретін мұғалімдер бастауыш сынып мұғалімімен бірлесе ортақ тақырып бойынша жылдық, айлық және апталық оқу жоспарында меңгерілетін лексиканы белгілеп алуы тиісті.
- Пән бойынша қажетті құрал-жабдықтар мен іс-әрекет суреттерінің атаулары қазақ тілінде жазылады.
- Оқу жылының басында (қыркүйек) және соңында (мамыр айында) балалардың қазақ тілінде сөйлеу деңгейлері анықталады. Ал әр аптаның соңында педагогтер оқушылардың сөздік қорды меңгеру деңгейін өзара бірлесіп талқылайды.

Ұсынылатын ортақ тақырыптар	Апталық оқытылатын пәндер
1-апта «Мен және менің отбасым» (отбасы мүшелерінің атаулары, отбасындағы әр адамның рөлі)	Әліппе Математика Дүниетану Жаратылыстану Дене шынықтыру
2-апта «Мен және менің достарым» (достармен қарым-қатынас, достық туралы әңгімелер)	Әліппе Математика Дүниетану Жаратылыстану Еңбекке баулу
3-апта «Мен және менің мектебім» (мектеп өмірі, сынып, мұғалімдер, мектеп ережелері)	Әліппе Математика Дүниетану Жаратылыстану Бейнелеу өнері
4-апта «Үй жануарлары» (үй жануарларының атаулары, оларды күту)	Әліппе Математика Дүниетану Жаратылыстану Музыка
5-апта «Менің күн тәртібім» (таңғы ас, сабақтар, ойындар, ұйықтау уақыты)	Әліппе Математика Дүниетану Жаратылыстану Дене шынықтыру
6-апта «Табиғат әлемі» (жыл мезгілдері, ауа райы, табиғат құбылыстары)	Әліппе Математика Дүниетану Жаратылыстану Еңбекке баулу
7-апта «Менің туған күнім» (туған күн мерекесі, сыйлықтар, достармен мерекелеу)	Әліппе Математика Дүниетану Жаратылыстану Бейнелеу өнері
8-апта «Тамақтану» (таңғы ас, түскі ас, кешкі ас, дұрыс тамақтану)	Әліппе Математика Дүниетану Жаратылыстану Музыка

«Тілге бойлау» жобасын жүзеге асыру бойынша 1 - сыныпқа арналған әдістемелік ұсынымдар



1 - сынып білім алушыларына арналған тәжірибе-ойындар үлгілері (әдістемелік кеңестермен)

Балалар табиғатынан зерттеушілер, олар бақылағанды, тәжірибе жүргізгенді жақсы көреді. Жас білім алушылар тәжірибе жасау қоршаған ортаны танудың негізгі әдістерінің бірі болып табылады және балаларды мектепке тілдік ортаға дайындауға көмектеседі. Тәжірибе жүргізу барысында балалар үлкендермен бірлесіп, өздерінің алғашқы жаңалықтарын ашады, логикалық ойлауды, салыстыруды, талдауды, жіктеуді, түйін жасауды үйренеді.

Іс-әрекеттің бұл түрі тілдік ортаға енгізу топтарында аса маңызды, себебі зерттеу жұмыстары барысында балалардың сөздік қорлары байып, тілдері қалыптасады, олардың танымдық белсенділіктері, байқампаздықтары, шығармашылық қабілеттері мен қиялдары дамиды.

Тілдік ортаға енгізу бағдарламасының мақсаттарына сәйкес, **тәжірибе-ойындардың мақсаты:**

1. Балаларға қоршаған ортаны өз бетінше тануға мүмкіндік беру.
2. Аналитикалық ойлауды, жады мен зейінін дамыту.
3. Сөздік қорды байыту, зерттеулер жүргізу арқылы балалардың қазақ тілін игеру мүмкіндіктерін арттыру.

Танымдық-зерттеу әрекеттері барысында сөйлеу белсенділігін дамыту

Зерттеулер жүргізу барысында тілдік ортаға енгізудің пәндік-дамытушы ортасы жасалады. Олар - шағын зертханалар, «серуен-зертханалары», табиғат құбылыстарымен тәжірибелер, ойындар ұйымдастыру. Солардың көмегімен сөйлеу тілінің диалогы, сөйлеу-суреттеу, уәждеу, тұжырым жасау сияқты қазақ тілінде сөйлеу дағдылары қалыптасады.

Тілдік ортаға енгізу топтарына арналған дене шынықтыру ойын-сауықтары мен спорт мерекелерінің тақырыптық үлгілері



Мақсаты – Тілдік ортаға енгізу топтарында салауатты өмір салтын қалыптастыру, білім алушыларды көпшілік спорттық іс-шараларға қызықтыру, сөйлеу қабілеттерін дамыту.

Міндеттері:

- балалардың қазақ тілінде байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту, оларды қазақ тілінде белсенді сөйлесуге ынталандыру, сөздік қорын байыту;
- дене шынықтыру мерекелері мен ойын-сауықтары арқылы қимыл-қозғалыс дағдылары мен машықтарын жетілдіру;
- ойын кезіндегі әдеттегіден тыс жағдайда физикалық қасиеттерін және сөйлеу белсенділігін танытуға ұмтылдыру;
- танымдық белсенділікті қалыптастыру;
- ұжымшылдыққа, өзара көмек көрсетуге және бір-бірімен достық қарым - қатынаста болуға баулу.

Көпшілік дене шынықтыру іс-шаралары

- Дене шынықтыру ойын-сауықтары
- Спорттық мерекелер
- Спорттық іс-шаралар ұйымдастыру кезіндегі жас ерекшеліктері
- Дене шынықтыру ойын-сауықтары мен спорт мерекелерінде:
- Эстафеталар
- Жарыс элементтері бар ойындар
- Аттракцион ойындар
- Спорттық ойындар

Дене шынықтыру нұсқаушысының іс-әрекеттері

- Дене шынықтыру іс-шараларын ұйымдастырушылар мен оларға қатысушылардың өзара әрекеттері
- Спорттық ойын-сауықтар мен мерекелерді өткізу кезіндегі қауіпсіздік ережелері
- Балалардың спорттық мерекелерде жетістіктерге қол жеткізуі үшін педагог оларға ережелерді орындауды үйретеді



«Ойлаймын, шығарамын, сөйлеймін» Тілдік ортаға енгізуге арналған математика жаттығуларының үлгілері



Қарапайым математикалық түсініктерді дамытудағы педагогтың **мақсаты**: тілдік ортаға енгізу топтарындағы балалардың бойында математикалық мәдениеттің, математикалық тілдің, қазақ тілін үйрете отырып зияткерлік қабілеттердің негіздерін қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:

- Баланың жадын, зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.
- Қазақша сөздік қорларын толықтыру, өз ойларын жеткізе алуға,
- математикалық қарапайым сөйлемдер құруға үйрету.
- Математикаға деген танымдық қызығушылығын ояту.

Қарапайым математикалық түсініктерді дамыту барлық білім беру саласы арқылы өтеді, тек аралық тақырыптар ескеріледі және күнделікті қазақ тілін үйрену барысында үйретілетін қарапайым әдістердің бірі болып табылады.

Қарапайым математикалық түсініктерді дамыту жұмысы балалармен жүргізілетін барлық жұмыстар барысында жүргізілуі тиіс:

- дене шынықтыру сабағында;
- ән-күй сабағында;
- тіл дамытуда;
- көркем әдебиетпен танысу кезінде;
- серуенде;
- конструкциялар құрастыруда;
- бейнелеу сабағында.

Шама

Тіл дамытудағы жетістіктер: математикалық терминдерді қолдана отырып, заттардың шамасы бойынша ұқсастықтары мен айырмашылықтарын атау: үлкенірек–кішірек, кеңдеу-тарлау, биіктеу-аласалау; қазақ тілінде сөйлемді грамматикалық тұрғыдан дұрыс құру.

«Пішіндермен таныстыру»

Балаларды заттардың тек пішінін анықтауға үйрету. Балаларға фигуралар мен карточкалар үлестіріледі.

Педагог: - Балалар, біз қазір «Пішіндеріне қарап таңда» ойынын ойнаймыз. Ол үшін алдымен түрлі пішіндердің атауларын еске түсіру керек. Мына фигураның пішіні қандай? (әрі қарай балаларға басқа фигуралар көрсетіледі). Фигураларды пішіндеріне қарай орналастырыңдар, түстеріне қарамаңдар». Фигураларды қате орналастырған балаларға педагог фигураның шетін саусақпен жүргізіп, қатені табуды және түзетуді ұсынады.

Күтілетін тілдік дағдылар: «Менің тобым» тақырыбы бойынша сөздік қорын байыту (шкаф – тікбұрышқа ұқсайды, үстел – шаршыға ұқсайды).

Геометриялық фигуралардың аттарын атау: фразамен сөйлеу, мысалы, мына зат дөңгелекке, тікбұрышқа және т.б. ұқсайды.

«Сиқырлы орман»

Балаларды заттардың биіктігі және қалыңдығы бойынша салыстыруға үйрету. Ең биік, биіктеу, аласалау, ең аласа, ең қалың, жұқа, жіңішке, жіңішкелеу деген сөздерді дұрыс қолдануды үйрету.

Балаларға мынадай ойын ойнау ұсынады: мақтаншақ сиқыршы «Бір сәтте орманға ұзындықтары бірдей ағаштарды отырғыза алатынын» айтып мақтанады, бірақ қателеседі. Балаларға ұзындықтары бірдей ағаштарды отырғызу ұсынылады.

Күтілетін тілдік дағдылар: шаманы анықтайтын сөздердің қорын байыту: ұзын - қысқа, биік-аласа, кең – тар.

Мысалы: орындық үстелге қарағанда төмендеу; Айсұлудың бойы Маратқа қарағанда аласалау; ең қысқа, ең ұзын жол, кең жол, жіңішке жол, биіктігі бірдей.